# Несие берушілердің мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 219; 237; 238; 239; 240-баптары)



НЕСИЕ

ДОТАЦИЯ

КРЕДИТТЕУДІҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ШАРТТАРЫ

# 219-бап. Кредитті заңсыз алу немесе бюджеттік кредитті мақсатсыз пайдалану

| **Объектісі** | **Тікелей** | **Банктік немесе басқадай несиелік ұйымдардың несиелік қызметін реттейтін қоғамдық қатынастар** |
| --- | --- | --- |
| | **Заты** | **Ақша қаражаты** |
| Объективтік жағы | Әрекет | Дара кәсіпкердің немесе ұйымның:<br>1. Шаруашылық жағдайы туралы жалған мәлімет беру;<br>2. Қаржылық жай-күйі жайлы жалған мәлімет беру:<br>3. Кепіл мүлкі туралы жалған мәлімет беру;<br>4. Кредитті, дотацияны, кредиттеудің жеңілдікті шарттарын алу үшін көрінеу жалған мәліметтерді банкке не кредиторға беру; |
| | Тәсілі | Көрінеу жалған мәліметтер енгізілген ресми құжаттарды пайдалану |
| | Зардап | |

Көрінеу жалған мәліметтердің несиеге, дотацияға не несиелендірудің жеңілдігі бар шарттарына қол жеткізу үшін қаншалықты маңызы болды деген мәселені шешу кезінде кінәлі адамның осындай жалған мәліметтерді ұсынбай-ақ несие берушіге берілген шынайы мәліметтердің негізінде оларды алатын шынайы мүмкіндігінің болған-болмағанын анықтап алу қажет.

Несие, дотация не несиелендірудің жеңілдігі бар шарттарды ұсыну үшін несие берушіге ұсынылған өзге де нанымды мәліметтер жеткілікті болған жағдайларда жеке кәсіпкер немесе ұйым жетекшісі ҚК-нің 219-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік көтермейді.

ҚК-нің 219-бабында көзделген әрекеттер заңсыз алынған не тікелей өз мақсатына жұмсалмаған несие қаражатын қайтару фактісіне қарамастан қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.